



"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 маусым N 816

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының

Z990344_

Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Z990344_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 2-3, 34-құжат, N 23, 931-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Мәтінде "Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік фитосанитариялық қызметтің", "Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік фитосанитариялық қызметпен", "Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік фитосанитариялық қызмет",

"Мемлекеттік фитосанитариялық қызмет туралы", "Мемлекеттік фитосанитариялық қызметті" деген сөздер "үәкілетті мемлекеттік органның", "үәкілетті мемлекеттік органмен", "үәкілетті мемлекеттік орган", "үәкілетті мемлекеттік орган туралы", "үәкілетті мемлекеттік органды" деген сөздермен ауыстырылсын.

2 . 1 - б а п т а :

1) Мынадай мазмұндағы 5-1), 7-1), 9-1), 9-2), 11-1)-тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) карантиндік сертификат - карантинге жатқызылған өнімді ішкі мемлекеттік тасымалдауға арналған, оның карантиндік жай-қүйін растайтын құжат;

7-1) фитосанитариялық тәуекелді бағалау - зиянкестердің, өсімдіктердің ауруларын қоздырушылардың және арамшөптердің карантиндік және бөтен текті түрлерінің ықтимал енүі мен таралуына байланысты болатын жағымсыз экономикалық зардаптардың **ғылыми негіздемесі**;

9-1) Өсімдіктер карантинің қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындар - қызметі мемлекеттік бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру құқығының карантиндік объектілердің ошақтарын анықтауға, оқшаулауға және жоюға бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметімен құрылғатын мемлекеттік **кәсіпорындар**;

9-2) уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының аумағында меншік нысанына қарамастан жеке және занды тұлғалардың өсімдіктер карантинің сақтау жөніндегі мемлекеттік карантиндік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

11-1) бөтен текті түр - республиканың флорасы мен фаунасында жоқ, енген жағдайда елеулі экономикалық зиян келтіруі мүмкін жәндіктің, өсімдік ауруын қоздырушының **және арамшөптің түрі**;"

2) 11)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) фумигациялық отрядтар - уәкілетті мемлекеттік органның үйғарымы бойынша немесе жеке және занды тұлғалардың өтініштері бойынша карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды газбен дезинсекциялау әдісімен орындаітын Өсімдіктер карантинің қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың **бөлімшелері**".

3. 5, 6-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын **органдар**

1. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті мемлекеттік орган және оның аумақтық органдары **жүзеге асырады**.

2. Уәкілетті мемлекеттік орган туралы ережені, Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ережені (бұдан әрі - Өсімдіктер карантині жөніндегі ереже) және олармен күрес республикалық бюджеттің есебінен

жүзеге асырылатын Карантиндік объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының
Үкіметі бекітеді.

3. Үәкілетті мемлекеттік органның және оның аумақтық органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі бақылауды тікелей жүзеге асыратын лауазымды адамдары өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен нысанды киіммен қамтамасыз етіледі.

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар туралы ережені үәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес үәкілетті мемлекеттік орган белгілеген біліктілік талаптарына сай келетін азаматтар өсімдіктер карантині жөніндегі инспектордың лауазымына орналасуға құқылы.

6-бап. Өсімдіктер карантинің қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі

Өсімдіктер карантинің қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесіне мыналар енеді:

1) үәкілетті мемлекеттік орган және оның шекаралық бекеттері мен шекарадағы постылары бар аумақтық органдары;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын мемлекеттік карантиндік мекемелер - республикалық, аймақтық және шекаралық карантиндік зертханалар; жерсіндіру-карантиндік көшеттіктер;

3) фитосанитариялық зертханалары мен фумигациялық жасақтары бар өсімдіктер карантинің қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындар".

4 . 7 - б а п т а :

1) 1 - т а р м а қ т а :

5)-тармақша "аумақтың фитосанитариялық сипаттамасы мен оның шығу орнын, сондай-ақ баратын бекетін ескеріп" деген сөздермен толықтырылсын;

6) - т а р м а қ ш а д а :

"көлік құралдарын" деген сөздерден кейін залалсыздандыру жөніндегі іс-шараларды орындау туралы ұйғарым береді, олардың орындалуын бақылайды"; деген сөздермен толықтырылсын;

7) - т а р м а қ ш а д а :

"тексеруден өткізеді" деген сөздер "тексеруді ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"карантиндік объектілердің және бөтен текті түрлердің жасырын жұғуының болуына арналған" деген сөздермен толықтырылсын;

8)-тармақшада "ұсыныстар" деген сөз "ұсыныстарды ескеріп, ғылыми принциптердің және фитосанитариялық тәуекелді бағалаудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

9)-тармақшада "фитосанитариялық" деген сөзден кейін ", карантиндік" деген сөзben толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 7-1)-тармақшамен толықтырылсын:
"7-1) республикада және шетелдерде карантиндік объектілердің болуы

және таралуы, олармен құрес жөніндегі шаралар мен іс-шаралар туралы мәліметтердің базасын құрайды;";

3) 3-тармақта:

"қызмет" деген сөз "қызметтің және оның аумақтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5. Мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметімен құрылатын мемлекеттік карантиндік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың құзыretі

1. Мемлекеттік карантиндік мекемелер:

1) зертханалық сараптамаға келген үлгілердегі карантиндік объектілердің және бөтен текті түрлердің түрлік құрамын айқындайды;
2) себу және егу материалдарындағы жасырын залалдануды анықтайды.

2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар:

1) карантиндік объектілердің таралатын ошақтарын анықтайды;
2) карантиндік объектілердің таралатын ошақтарын оқшаулау мен жоюды жүргізеді;

3) карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды, соның ішінде фумигациялауды жүргізеді".

6. 8-бапта:

1) атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларының құқықтары";

2) б і р і н ш і б ө л і г і н д е :
"лауазымды тұлғаларының" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1)-тармақша мына редакцияда жазылсын:

"1) фитосанитариялық, карантиндік сертификаттарыз тасымалдау кезінде немесе импорттық каратиндік рұқсатсыз шет елдерден әкелінген карантинге жатқызылған өнімді тексеру фитосанитариялық сараптама және, қажет болғанда, залалсыздандыру жүргізу кезеңіне кідіртіп қоюға;

мына мазмұндағы 1-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) карантиндік жағынан зерттелмеген мемлекеттерден келетін карантинге жатқызылған өнімге қатысты уақытша карантиндік шаралар қолдануға (енгізуге);".

7. Мына мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:
"9-1-бап. Жергілікті өкілді және атқаруши органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өсімдіктер карантинің қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері
Жергілікті өкілді және атқаруши органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару о р г а н д а р ы :

1) уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдарына олардың қызметтік міндеттерін атқару үшін жағдай жасайды;

2) теңіз бен өзен кемежайларының (айлақтарының), теміржол станцияларының, әуежайлардың, пошталық байланыстың кәсіпорындарының, базарлардың, автовокзалдардың (автостанциялардың) және өзге объектілердің уәкілетті органдарымен немесе иелерімен карантиндік іс-шараларын карантиндік аймақтарда жүргізуді қамтамасыз етеді және ұйымдастырады".

8 . 1 3 - б а п т а :

1) 2-тармақтың бірінші бөлігінде "фитосанитариялық бекеттер" деген сөздерден кейін "және постылар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының шегінен әкетуге Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының аумақтық органдарымен берілетін фитосанитариялық сертификаттары, ал мемлекет ішінде тасуға - карантиндік сертификаттары болған жағдайда рұқсат етіледі.";

3) 5-тармақта "залалсыздандыру," деген сөзден кейін "зертханалық

сараптау," деген сөздермен толықтырылсын.

9. 17-бапта "және өсімдіктер карантині саласындағы мемлекетаралық шарттарда көзделген жұмыстарды орындағаны үшін карантинге жатқызылған жүктөр иелерінің қаражаты, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған басқа да көздер" деген сөздер алып тасталсын.

10. 18-баптың 2-тармағында:

"қызмет органдарының" деген сөздер "қызметтің және оның аумақтық органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-бап. Осы Зан ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:
Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК